



# ЇСКЕРЛІК ӘДЕП КОДЕКСІ

НКОК Н.В.



# МАЗМҰНЫ

<b>1. КІРІСПЕ.....</b>	<b>4</b>
1.1 МАҚСАТЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ.....	4
<b>2. АДАМДАР МЕН ҚАУІПСІЗДІК.....</b>	<b>6</b>
2.1 ДЕНСАУЛЫҚ, ЕҢБЕК, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ (ДЕҚҚОҚ).....	6
2.2 ТҰРАҚТЫ ДАМУ.....	7
2.3 ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР.....	7
2.4 ҚУДАЛАУ.....	8
2.5 АДАМ ҚҰҚЫҒЫ.....	9
<b>3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС.....</b>	<b>10</b>
3.1 ПАРАҚОРЛЫҚ ПЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ.....	10
3.2 МЕМЛЕКЕТТІК ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰРУ.....	11
3.3 СЫЙЛЫҚТАР, САУЫҚ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ (ССҚБ).....	12
3.4 МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫ (МҚ).....	14
3.5 ИНСАЙДЕРЛІК МӘМІЛЕ.....	15
3.6 АҚШАНЫҢ ІЗІН ЖАСЫРУ.....	16
3.7 САЯСИ ҚЫЗМЕТ ПЕН ТӨЛЕМДЕР.....	17
<b>4. ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА.....</b>	<b>19</b>
4.1 МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМА (БӘСЕКЕЛЕСТІК ТУРАЛЫ ЗАҢНАМА).....	19
4.2 ЭКСПОРТТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ САНКЦИЯЛАР.....	20
4.3 ИМПОРТТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ САНКЦИЯЛАР.....	21
<b>5. АҚПАРАТ ПЕН АКТИВТЕРДІ ҚОРҒАУ.....</b>	<b>22</b>
5.1 АКТИВТЕРДІ ҚОРҒАУ.....	22
5.2 ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ (ДҚ).....	24
5.3 ЖАЗБАЛАРДЫ БАСҚАРУ.....	25
<b>6. АҚПАРАТ ПЕН АЛМАСУ.....</b>	<b>26</b>
6.1 ІСКЕРЛІК АҚПАРАТ ПЕН АЛМАСУ.....	26
6.2 АҚПАРАТТЫ КӨПШІЛІККЕ ЖАРИЯЛАУ.....	27



## 1. КІРІСПЕ

### 1.1 МАҚСАТЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Бұл сіздің Іскерлік әдеп кодексіңіз және ол сізге арналған. Сіз оны оқып шығуға, түсінуге және орындап жүруге тиістісіз.

Бұл Іскерлік әдеп кодексінде мазмұндалған ережелер мен нұсқаулықтарда НКОК Н.В. компаниясының әр қызметкері өзінің күнбе-күнгі жұмысында бағынуға тиісті шектеулер белгіленген. Бұл Іскерлік әдеп кодексінің талаптарын орындаудан ешбір адам босатылмайды. Компанияның Қызметінің жалпы қағидаттарында сізге немесе НКОК Н.В. компаниясына нұқсан келтіре алатын жағдайлардың қалай алдын алуыңызға болатыны жөнінде нұсқаулықтар мен кеңес берілген. Бұнда заңдарды сақтауға және әдепті іс-әрекеттерге қатысты жоғары стандарттар белгіленген және оларға сіз қалай қол жеткізе алатыныңыз көрсетілген.

#### **Іскерлік әдеп кодексі дегеніміз не?**

Іскерлік әдеп кодексі кәсіпорынның мақсаттарына қол жеткізуге қажетті негізгі ережелер мен нормаларды белгілейді. Ол ұжымымыздың әрбір жеке өкіліне қатысты бір құжаттың ішіне жинақталған талаптар мен нұсқаулардан тұрады.

Іскерлік әдеп кодексі қолданыстағы нормативтік-құқықтық және ішкі саясат тәңірегіндегі талаптар жиынтығын білдіреді және оңда сол талаптарды қалай орындау қажет екені бойынша қосымша нұсқау берілген. Соның ішінде, СКӨБК шеңберінде құрылған Консорциумға қатысты 6 іскерлік қағидат сипатталған Қызметіміздің жалпы қағидаттарын осы Іскерлік әдеп кодексімен бірге оқып, түсіну қажет. Іскерлік әдеп кодексінде назарыңызға Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нұсқауы мен Корпоративтік басқару жүйесіндегі (КБЖ) басқа да процедуралар ұсынылған.

Бұл құжаттардың барлығы іскерлік әдеп нормаларына сәйкестікті қамтамасыз етуге арналған нақты бір ортақ негізді құрайды және НКОК Н.В. компаниясының іскерлік әдеп нормалары құрылымының маңызды бөліктері болып танылады.

#### **Іскерлік әдеп кодексі кімге арналған?**

НКОК Н.В. компаниясында жұмыс істейтін әр адам (соның ішінде тікелей келісімшарт бойынша жасайтын қызметкерлер, іс-сапарға келген қызметкерлер және жұмыс күшімен қамту агенттіктері арқылы жұмылдырылған қызметкерлер) осы Іскерлік әдеп кодексін оқып, оны орындауы тиіс. Біздің агенттеріміз ретінде жұмыс істейтін немесе қызметтерді, технологиялық процестерді немесе кез келген кәсіби жұмысты біздің атымыздан не біздің нұсқауымыз бойынша жүзеге асыратын мердігерлер немесе кеңесшілер біздің атымыздан іс-әрекет жасаған кезде біздің Іскерлік әдеп кодексімізге сәйкес іс-әрекет жасауы қажет.

Бұл талап НКОК Н.В. компаниясы атынан және оның жетекшілігімен кез келген кәсіби жұмысты немесе аудит жүргізу секілді басқа бір процесті жүзеге асыратын компаниялардың өкілдеріне де бірдей қойылады.

Тәуелсіз мердігерлер немесе кеңесшілер осы Іскерлік әдеп кодексі туралы ескертілуі тиіс, өйткені бұл Кодекс олармен бірге жұмыс атқаратын біздің қызметкерлерге қатысты қолданылады.



## Бізге Іскерлік әдеп кодексі неге қажет?

Ұлттық заңнама мен халықаралық нормалардың талаптарын орындау және іскерлік әдепті сақтау тұрғысында сізден не күтілетіні жөнінде айқындық болуы қажет. Сізге ондай айқындықты осы Іскерлік әдеп кодексі мен оған қоса Қызметіміздің жалпы қағидаттары, Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нұсқауы және КБЖ-дағы басқа да процедуралар береді. НКОК Н.В. компаниясы әр қызметкерінен осы Іскерлік әдеп кодексін түсінуді және оны орындауды, сондай-ақ оның өз іс-әрекеттерінің әрдайым біздің әдеп тұрғысындағы негізгі құндылықтарымызға сай болуын қамтамасыз етуін талап етеді.

## Іскерлік әдеп кодексі сізге қалай көмектесе алады?

Егер сізде заңнамаға сәйкестік немесе іскерлік әдеп саласында қандай да бір сұрақ пайда болса, Іскерлік әдеп кодексі:

- ❖ заңдар мен нормативтік талаптарды қалай орындау қажет екені жөнінде практикалық кеңес береді;
- ❖ басқа адамдармен қалай қарым-қатынас құруыңыз қажет екені жөнінде нұсқау мен тиісті талаптар береді;
- ❖ іскерлік әдепке қатысты қиын сұрақтардың жауабын табуға көмектеседі.

Іскерлік әдеп төңірегіндегі іс-әрекеттердің қағидаттары НКОК Н.В. компаниясының Қызметінің жалпы қағидаттарында, осы Іскерлік әдеп кодексінде және Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нұсқауында мазмұндалған. Қызметіміздің жалпы қағидаттары НКОК Н.В. компаниясы өз жұмыстарын қалай іске асыруы қажет екендігін көрсетеді. Бұл Іскерлік әдеп кодексінде НКОК Н.В. компаниясының сізден күтетін мінез-құлық нормалары, сонымен қатар НКОК Н.В. компаниясы қабылдаған мінез-құлық стандарттары сипатталған. Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нұсқауында сіздің назарыңызға Компанияның және сіздің тарапыңыздан Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты мемлекеттік және халықаралық заңнама талаптарының бұзылмауын қамтамасыз ететін нақты ережелер ұсынылған.

Қызметіміздің жалпы қағидаттарының, Іскерлік әдеп кодексінің және Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нұсқауының негізін құрайтын құндылықтар айқын әрі жалпыға бірдей – адалдық, кіршіксіздік, адамдарға құрмет таныту. НКОК Н.В. компаниясының рөлі оның нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету және іскерлік әдеп тұрғысында кіршіксіз болуды талап етеді, ал Компанияның осыған қол жеткізе алуына сіздің өнегелі іс-әрекетіңіз орасан зор үлес қосады. Сіздің іс-әрекетіңіз сіздің осы құндылықтарды қалай ұстанып өмір сүретініңізге және Іскерлік әдеп кодексіндегі қағидаттардың мақсаты мен шынайы мағынасын қалай ұққандығыңызға негізделіп бағаланады.

Кейбір жағдайларда сізге талап етілетін нәрселерді толық түсіну үшін қосымша жете мәліметтерді оқып шығуыңыз қажет болуы мүмкін. Бұлардың қатарына біз Қызметіміздің жалпы қағидаттарында, осы Іскерлік әдеп кодексі және Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нұсқауында сипатталған қағидаттарды кірістірген Корпоративтік басқару жүйесіндегі тиісті процедуралар кіреді. Сонымен қатар, сіз осы Іскерлік әдеп кодексінде белгіленген тақырыптарға қатысты міндетті «онлайн» және бетпе-бет оқу курсынан өтуге тиістісіз.

Ақтығында, күмәнданған жағдайда, сіз өзіңіздің тікелей менеджеріңізден немесе НКОК Н.В. компаниясының іскерлік әдеп бөлімінің маманынан кеңес не нұсқау алуға тартынбауыңыз қажет. Дегенмен, сіздің тікелей менеджеріңіз сізге Бизнес жүргізудің жалпы қағидаттарына, осы Іскерлік әдеп кодексіне, Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нұсқауына



немесе Корпоративтік басқару жүйесіндегі олармен байланысты процедураларға қайшы келетін іс-әрекет жасауға нұсқау бере алмайтынын түсінгеніңіз маңызды. Сіздің тікелей менеджеріңіз болсын немесе бұл ретте НКОК Н.В. компаниясындағы басқа бір кез келген адам болсын бұндай іс-әрекетті құптай да, бекіте де алмайды. Бұл ретте сіз өз іс-әрекеттеріңізге жеке өзіңіз жауапты боласыз.

### **Іскерлік әдеп бөлімінің қолдауы**

Кодекстің кез келген жерінде сіз НКОК Н.В. компаниясына өз алаңдаушылықтарыңыз жөнінде айтуыңыз, хабарлауыңыз немесе кеңес сұрауыңыз жөн болатын жағдайлармен таныс боласыз. Сіз олай істеу үшін мына адамдарға хабарлауыңызға не айтуыңызға болады:

- ❖ сіздің тікелей менеджеріңіз немесе супервайзеріңіз; және/немесе
- ❖ іскерлік әдеп бөлімінің маманы (Мән-жайларға қарай, іскерлік әдеп бөлімінің басқарушы консультанты немесе іскерлік әдеп бөлімінің жетекші консультанты).

Сізді алаңдататын мәселелер туралы «НКОК Н.В.» компаниясының Жедел желі қызметі арқылы хабарлай аласыз. Қаласаңыз, хабарламаңызды анонимді түрде қалдыруыңызға болады. Жедел желі қызметіне хабарласу жөнінде нақты ақпарат «НКОК Н.В.» компаниясының корпоратив желісінің басты парағында орналасқан. Назарға ұсынылатын кез келген алаңдаушылық байыпты түрде қаралып, тез арада зерттеледі және оған қатысты тиісті шара қолданылады.

НКОК Н.В. компаниясы тарапынан Іскерлік әдеп кодексіне қатысты кез келген жағдай бойынша хабарлаған адамнан қандай болса да бір кек алу іс-әрекетіне жол берілмейді. Сонымен қатар, НКОК Н.В. компаниясы осы ережелердің теріс қолданылуына да қарсы. Сондықтан, өтірік ақпарат тарату немесе жалған түрде айыптау арқылы кез келген адамды қорқыту немесе оның абыройына нұқсан келтіру мақсатымен мәлімдеме жасайтын адам тәртіптік жауапкершілікке тартылатын болады.

Бұл Іскерлік әдеп кодексінде біз Іскерлік әдеп кодексі талаптарының орындалмауы ауыр салдарға әкеліп соғуы мүмкін болатын айрықша жағдайларды атаймыз. Дегенмен, бұл тек сол бөліктері ғана орындалуы тиіс екендігін білдірмейді. Іскерлік әдеп кодексінің талаптарын орындамаған қызметкерлерге жұмыстан босатуға дейін баратын қатаң шаралар қолданылуы мүмкін. Іскерлік әдеп кодексінің әкімшілік құқық бұзушылық немесе қылмыстық іс-әрекет ретінде танылатын шамада бұзылуы заңдар аясында жауапқа тартуға, айыппұл салуға және тіпті бас бостандығынан айыруға негіз болуы мүмкін.



## 2. АДАМДАР МЕН ҚАУІПСІЗДІК

### 2.1 ДЕНСАУЛЫҚ, ЕҢБЕК, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ (ДЕҚҚОҚ)

ДЕҚҚОҚ саласында мақтан тұтарлық нәтижеге қол жеткізу үшін біз қуат көздерін игеру, өнім өндіру және қызмет көрсету барысында адамдарға еш зиян келтірмеуге және қоршаған ортаны қорғауға міндеттенгенбіз. Біз контрагенттеріміздің, акционерлеріміздің және қоғамның сеніміне ие болуды, жақсы көрші болуды және тұрақты дамуға үлес қосуды көздейміз.

НКОК Н.В. компаниясының иелігіндегі немесе пайдалануындағы нысандардың барлығы денсаулық, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қажетті рұқсаттар, бекітулер мен қадағалау шаралары негізінде жұмыс істеулері тиіс. Мердігерлер (жабдықтаушылар) мен өзге де іскер серіктестер НКОК Н.В. компаниясы міндеттенген ДЕҚҚОҚ деңгейлерін қамтамасыз етуге міндетті.

Осы ережелер мен нормалар ДЕҚҚОҚ саласындағы саясат пен тиісті ілеспе құжаттамаға енгізілген.

#### **СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ**

Сіз тиісті ДЕҚҚОҚ саясаты секілді ДЕҚҚОҚ ережелері мен нұсқауын түсінуге және олардың талаптарын орындауға тиістісіз.

### 2.2 ТҰРАҚТЫ ДАМУ

НКОК Н.В. компаниясының тұрақты дамуға қатысты міндеттемесі бізден өзіміздің қысқа және ұзақ мерзімді мүдделерімізді теңдестіруді және бизнес төңірегінде қабылданатын шешімдерімізде экономикалық, денсаулық сақтау, еңбек қорғау, қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік мәселелерді ескеруімізді талап етеді. НКОК Н.В. компаниясы, көптеген әр түрлі мүдделі тараптармен жұмыс істегеннен басқа, жобаның орындалу мерзімі мен шығын көлемі тұрғысында жүзеге асырылуына айтарлықтай оң не теріс әсер ете алатын абыроймен байланысты бірқатар қиыншылықтарды бастан кешеді.

НКОК Н.В. компаниясының ұзақ мерзімді беделі мен оның жұмысты басқару икемі оның мұнай-газ саласымен шектелмей, осындай дүниежүзілік деңгейдегі алып жобаны Қазақстанның жергілікті және мемлекеттік экономикасын тұрақты түрде дамыту мүмкіншілігіне айналдыру, қоршаған ортаны қорғауға қатысты талаптарды орындап, айналадағы жұртшылықтың дамуға деген талпынысын демеу қабілетіне негізделеді.



### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Сіз Қызметіміздің жалпы қағидаттарының талаптарын түсініп, орындауға тиістісіз. Сіз НКОК Н.В. компаниясының әлеуметке ұзақ мерзімді пайда келтіру, қызметкерлердің, мердігерлердің және айналамыздағылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау, жұртшылықпен арадағы қарым-қатынастың бұзылу жағдайларын барынша азайту, туындайтын эмиссияларды азайту, экожүйе мен биоалуандылыққа әсер ету жағдайларын барынша азайту және қуат, су және басқа ресурстарды үнемді пайдалану мақсатын жүзеге асыруға үлес қосуға міндеттісіз.

## 2.3 ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР

НКОК Н.В. компаниясы оның жұмысқа қабылдауға қатысты шешімдері тиісті кәсіби біліктілікке, артықшылыққа, жұмыс істеу қабілетіне және жұмысқа қатысты басқа да факторларға негізделгеніне кепілдік береді. НКОК Н.В. компаниясы жұмысқа қабылдаумен байланысты заңсыз түрде кемсіту жағдайларын құптамайды.

### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Өзіңіз қарым-қатынас жасайтын барлық тұлғаларға құрметпен қарап, оларға қатысты Қызметіміздің жалпы қағидаттарына сай адал болу керек. Сіз мәдени ерекшеліктердің құндылығын біліп, ешқашан заңсыз кемсітушілікке бармауыңыз керек.

### Қағидаттар

- ❖ Сіз жұмысқа қабылдауға, жұмысты бағалауға, лауазымды өсіруге, оқытуға, кәсіби біліктілікті арттыруға, тәртіп орнатуға, өтемақы беруге және жұмыстан босатуға қатысты шешімдерді тек кәсіби біліктілікке, артықшылыққа, жұмыс істеу қабілетіне және іскерлік ұғымдарға негізделіп қабылдауыңыз қажет.
- ❖ Адамды нәсілі, дене түсі, діні, жасы, жынысы, жыныстық еңкіштігі, отбасы жағдайы, мүгедектігі, ата тегі немесе ұлты бойынша кемсітпеңіз.
- ❖ Жергілікті еңбек заңнамасының талаптарын орындап, оларды бұзбауыңыз қажет.

### Өзіңізді тексеріңіз

- ❖ Сіз риясыздық пен сыйластық танытып жүрсіз бе?
- ❖ Сіз басқа адамның көзқарасын ескердіңіз бе?
- ❖ Сіздің ішкі сезіміңіз, соқыр нанымыңыз немесе ұнатушылығыңыз сіздің шешімдеріңізге ықпал етеді ме?
- ❖ Сіз нормативтік талаптар мен іскерлік әдеп талаптарын түсінесіз бе?



## 2.4 ҚУДАЛАУ

НКОК Н.В. компаниясы жыныстық немесе басқа кез келген түрдегі қудалау таныту жағдайын құптамайды. НКОК Н.В. компаниясы кез келген адамды қорлау, қорқыту немесе жек көру іс-қимылын, әрекетін немесе мінез-құлқын танытуды құптамайды. Сіз бір мәдени ортада жарамды болып саналуы мүмкін, бірақ басқа мәдени ортада өрескел болатын іс-қимылдарды не әрекеттерді айрықша сезіне білуіңіз қажет және бұндай іс-қимылдардан алымсақтық танылатын болса, онда олай істеуден бас тартқаныңыз жөн.

### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Басқаларға құрметпен қарап, орынсыз болып көрінуі мүмкін жағдайлардан аулақ болу керек. Егер сіз кез келген адамның жасаған іс-қимылында қорлау, қорқыту немесе жек көру нышандары бар деп танысаңыз, онда сол адамға бұл жөнінде ескерту жасау қажет. Қудалау арты тәртіптік жауапкершілікке тартуға, тіпті жұмыстан шығаруға соқтыруы мүмкін.

### Қағидағтар

- ❖ Қорқытатын және қорлайтын әрекеттерге немесе сөздерге жол беруге болмайды.
- ❖ Орынсыз әзілге немесе ескертулерге жол беруге болмайды. Егер сіз қандай да бір түсіндірменің орындылығына сенімді болмасаңыз, оны орынсыз деп есептегені жөн.
- ❖ Тіл тигізетін немесе кемсітетін материалдарды, соның ішінде фотосуреттер таратуға немесе жариялауға тиым салынады.
- ❖ Іс-әрекеттері немесе мінез-құлқы сізге жағымсыз көрінетін адамға ескерту жасаудан жасқанбаған жөн. Ол адамға ескертудің себептерін түсіндіріп, одан сондай әрекеттерін тоқтатуды сұраған жөн.

Егер кімде-кім сізді қудалайтын болса, сіздің сол сәтте қарсы әрекет етуіңіз маңызды екенін ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ, әйтпесе, сізді жәбірлеуші адам сіздің шыдамдылығыңызды немесе әрекеттеріңізді оның қудалау әрекеттерін қабылдау деп бағалауы мүмкін. егер сіз қудалаушы адамның өзінен қудалауын тоқтатуды сұрауға қорықсаңыз, өзіңіздің тікелей басшыңызбен немесе іскерлік әдеп бөлімінің маманынымен хабарласқан жөн.

### Өзіңізді тексеріңіз

- ❖ Тиісті түрде әрекет етесіз бе?
- ❖ Өзіңіздің мінез-құлқыңыз әдепсіз немесе қатерлі емес пе?
- ❖ Орынсыз әзіл немесе ескертулерге жол беріп жүрген жоқсызба?
- ❖ Басқа тұлғаларды қорлауы мүмкін материалдар таратпайсыз ба және жарияламайсыз ба?





## 2.5 АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

НКОК Н.В. компаниясының адам құқықтарын құрметтеу әдісі бірнеше негізгі элементтерден құрылған, солардың қатарына корпоративтік саясаттардың талаптарын орындау, тиісті заңдар мен нормативтік ережелерді сақтау, мүдделі тараптарымызбен әрдайым сұхбат жүргізу және араласу, сондай-ақ жұмысымызды жүзеге асыратын жерлердегі жұртшылықтың жалпы әлауқатын жақсартуға тікелей немесе жанама түрде атсалысу кіреді.

Бұл орайдағы біздің міндеттемелеріміз Қызметіміздің жалпы қағидаттарына, осы Іскерлік әдеп кодексіне, Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нұсқауына және біздің КБЖ-ға енгізілген НКОК Н.В. компаниясының төменде көрсетілген түрлі бағыттарға арналған тиісті процедураларына негізделеді:

- ❖ Әлеуметтік инвестиция;
- ❖ Адам ресурстары; және
- ❖ Келісімшарт жасау және сатып алу.

Бізге өзіміздің стандарттарымызға ұқсас стандарттарды ұстанатын іскерлік серіктестер мен жабдықтаушылар қажет.

Барлық қызметкерлер өздерінің жұмыс істейтін және НКОК Н.В. компаниясының осы мәселе төңірегіндегі міндеттемелерін, стандарттарын және саясаттарын орындайтын жерлеріндегі адам құқықтарына қатысты мәселелерді түсінуі қажет.

### **СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ**

Сіз өзіңіздің жұмыс істейтін және НКОК Н.В. компаниясының міндеттемелерін, стандарттарын және саясаттарын орындайтын саладағы адам құқықтарына қатысты мәселелерді түсінуіңіз қажет.



## 3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

НКОК Н.В. компаниясы парақорлық, инсайдерлік мәміле, нарықтағы астыртын әрекеттер, алаяқтық немесе ақша ізін жасыру жағдайларын құптамайды. Сіз әрқашан кез келген шынайы, ықтимал немесе айқын сезілетін мүдделер қайшылығынан аулақ болуға және ешқашан орынсыз төлемдер, сыйлықтар, материалдық пайда немесе қонақжайлылық белгілерін ұсынбауға немесе қабылдамауға тиістісіз.

Жемқорлыққа қатысты негізсіз айыптау жағдайының өзі де біздің абыройымыз бен бизнесімізге нұқсан келтіре алатынын ұмытпау қажет.

### 3.1 ПАРАҚОРЛЫҚ ПЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

Парақорлық іскерлік әрекеттің нәтижесіне жарамсыз түрде ықпал етуге немесе оны жеңілдетуге сіз төлем, сыйлық немесе ықылас танытуды ұсынған, төлеген, қажет еткен немесе қабылдаған кезде пайда болады. Парақорлық пен сыбайлас жемқорлық, оған мемлекеттік билік өкілдері болсын, коммерциялық тұлғалар, соның ішінде бірлескен кәсіпорындар болсын немесе басқа бір жеке тұлғалар қатысты болған жағдайда, сенім жүктелген тұлғалар, бірлескен кәсіпорын серіктестері және мердігерлер секілді үшінші тараптар арқылы тікелей немесе жанама түрде болуы мүмкін. Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қатысты туындаған күдігіңізге немқұрайлы қараудың өзі НКОК Н.В. компаниясының және өзіңіздің қылмыстық, әкімшілік және қаржылық жауапкершілікке тартылуыңызға себеп болуы мүмкін.

#### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Сіз іскерлік қызметте жақсы ниетпен қарау немесе кез келген артықшылық алу үшін ақша сомаларын, сыйлықтар немесе қызметтер ұсынбауға, төлемеуге, табыстамауға, алуға тырыспауға және жеке пайдалану үшін қабылдамауға тиістісіз. НКОК Н.В. компаниясының Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нұсқауында және біздің КБЖ-дағы басқа да процедураларда белгіленген талаптарды орындау қажет. НКОК Н.В. компаниясының Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес талаптарын орындау бағдарламасы мен тиісті басшылыққа алынатын нұсқаулар Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қазақстандық және халықаралық заңнаманы сақтауға арналған. Парақорлық пен сыбайлас жемқорлық істерімен айналысқандары анықталған тұлғалар тәртіптік жазалау, жұмыстан босату, сотпен қудалау және қамауға алыну түрінде жауапкершілік атқарады.

#### Қағидаттар

НКОК Н.В. компаниясының Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нұсқауында көрсетілгендей, сіздің міндеттеріңіз мынадай:

- ❖ Ешқашан іскерлік қызметте жақсы ниетпен қарау немесе кез келген артықшылық алу үшін ақша сомаларын, сыйлықтар немесе қызметтер ұсынбау, төлемеу, табыстамау, алуға тырыспау және жеке пайдалану үшін қабылдамау.
- ❖ Өзіңізбен бірге жұмыс істейтін адамдардың парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа жол беруге болмайтындығын түсінетіндігіне көз жеткізу.



- ❖ Егер сіз НКОК Н.В. компаниясында немесе НКОК Н.В. компаниясымен бірлесіп жұмыс істейтін кез келген тұлғада (компания немесе жеке тұлғада) жемқорлық жайттары бар деп күдіктенсеңіз немесе хабардар болсаңыз, бұл туралы НКОК Н.В. компаниясына хабарлау.

### Өзіңізді тексеріңіз

- ❖ Сіз іскерлік шешімге ықпал ету мақсатында ақшалай сома, сыйлықтар немесе қызметтер ұсындыңыз, бердіңіз немесе алдыңыз ба?
- ❖ Жұртшылықтың немесе отбасыңыздың әрекетіңіз туралы білгені сізді алаңдата ма?
- ❖ Әкімшілік мәселенің шешілуін тездету үшін аздап төлем жасайсыз ба?
- ❖ Сіз заңсыз сыйлықақы деп бағалануы мүмкін жәрдем көрсетейін деп отырсыз ба немесе көрсеттіңіз бе?

## 3.2 МЕМЛЕКЕТТІК ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰРУ

Бұл Іскерлік әдеп кодексінде қолданылатын «**мемлекеттік лауазымды тұлға**» термині:

- ❖ Кез келген үкіметтің немесе осындай үкіметтің немесе кез келген мемлекеттік лауазымды органының (мемлекеттік, облыстық немесе қалалық) құрамындағы кез келген министрлік, агенттік, департамент, мемлекеттік орган немесе мекеме (соның ішінде пайдасына иленетін не қадағаланатын әлде жұмыс істейтін корпорациялар немесе ұқсас тұлғалар) қызметшісін не қызметкерін немесе оның өкілі болып табылатын немесе оның атынан әрекет жасайтын кез келген адамды;
- ❖ Қазақстан Республикасындағы 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша Өнім бөлісу туралы келісім (СКӨБК) шеңберінде тағайындалған Өкілетті органның барлық лауазымды тұлғаларын;
- ❖ Біріккен Ұлттар Ұйымы, Дүниежүзілік банк, Халықаралық қаржы корпорациясы, Көптарапты инвестицияларға кепілдік беру агенттігі секілді кез келген халықаралық ұйымның, Азия даму банкі, Еуропа қайта құру және даму банкі және Халықаралық валюта қоры секілді аймақтық көптарапты ұйымның барлық қызметкерлерін және кез келген ресми өкілді, қызметкерді немесе тиісті өкілін;
- ❖ Кез келген саяси партия тарапынан сайлауға ұсынылатын адамдарды, сайланған лауазымды тұлғаларды, партия қызметкерін немесе үміткерді;
- ❖ Жоғарыда аталған мемлекеттік билік өкілдерінің балаларын, жұбайларын, ата-аналарын немесе ет бауырларын білдіреді.

Мемлекеттік лауазымды тұлғаларға сыйлықтар, сауық шараларын және қонақжайлық белгілерін (ССҚБ), сондай-ақ іс-сапар шығыстарының өтемақысы мен заттай жеңілдіктер ұсыну бөлек алаңдаушылыққа негіз болады. Мемлекеттік лауазымды тұлғалар ортасы сіздің ойлағаныңызға қарағанда әлдеқайда кең болуы мүмкін: тікелей мемлекеттік қызметтегі тұлғалармен қатар, олардың қатарына саясаткерлер және мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлері кіреді. Осы мәселе бойынша толығырақ ақпарат Парақорлық пен сыбайлас



жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде нұсқауда берілген.

Процедуралар мен заңнама талаптарын білген маңызды. Мысалы, жеке меншік ұйымдар қатарындағы іскери серіктестер арасында орынды болатын сыйлықтар, сауық шаралары және қонақжайлық белгілері іскерлік орта өкілдері мен мемлекеттік лауазымды тұлғалар арасында орынсыз болуы мүмкін. Егер сіз НКОК Н.В. компаниясының атынан мемлекеттік лауазымды тұлғалармен қарым-қатынас құратын үшінші тұлғаларға (яғни, НКОК Н.В. компаниясына жұмыс істейтін мердігер немесе кеңесші) тиісті түрде кешенді тесеру жүргізбесеңіз немесе бұндай кешенді тексерудің нәтижелеріне мән бермесеңіз, онда тіпті үшінші тұлғалардың мінез-құлқы сізді және НКОК Н.В. компаниясын жауапкершілік атқаруға соқтыруы ықтимал екендігін ұмытпаған жөн.

### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Сіз НКОК Н.В. компаниясының Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нұсқауын және біздің КБЖ-дағы басқа да процедураларды оқып, орындауға және мемлекеттік билік өкілдеріне қандай болса да бір көмек көрсету үшін өзіңіздің тікелей менеджеріңізден рұқсат алуға тиістісіз.

### Қағидаттар

- ❖ Сіз Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі нұсқаудың және басқа да тиісті нұсқаулықтар мен процедуралардың Мемлекеттік лауазымды тұлғаларға ұсынылатын сыйлықтар, сауық шаралары және қонақжайлық белгілеріне қатысты талаптарын сақтауға тиістісіз.
- ❖ Сіз мемлекеттік лауазымды тұлғаларымен байланысты сыйлықтар, сауық шаралары және қонақжайлық белгілерін тиісті барлық рұқсаттарды алуға міндеттісіз.
- ❖ Сіз мемлекеттік лауазымды тұлғалардың жұбайларына, отбасы мүшелеріне немесе қонақтарына сыйлықтар, сауық шаралар және қонақжайлық белгілерін ұсынбауға тиістісіз.

### Өзіңізді тексеріңіз

- ❖ Сіз мемлекеттік билік өкіліне немесе оның отбасы мүшелеріне не достарына ақша, сыйлық немесе материалдық пайда ұсындыңыз немесе табыстадыңыз ба?
- ❖ Сіз талап етілетін тиісті рұқсаттарды алдыңыз ба?

## 3.3 СЫЙЛЫҚТАР, САУЫҚ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ (ССҚБ)

ССҚБ еш уақытта сіздің іскерлік шешімдеріңізге ықпал етпеуі немесе ықпал етуге бағытталмауы тиіс және сізге немесе НКОК Н.В. компаниясына ешқандай міндет артпауы тиіс. Сіз еш уақытта іскерлік шешімге қысымды ықпал етуге арналған ССҚБ-ны қабылдамауға, ұсынбауға немесе бермеуге тиістісіз.



## СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Сіз ССҚБ-ның қызмет бабындағы шешіміңізге ықпал етуіне немесе басқаларға ықпал ететіндей болып көрінуіне жол бермеуге тиістісіз. Сіз НКОК Н.В. компаниясының Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нұсқауында және біздің КБЖ-дағы басқа да процедураларда, сондай-ақ, тиісті заңдар мен нормативтік ережелерде белгіленген талаптар мен басшылыққа алынатын нұсқауларды орындауға тиістісіз. Егер сіз басқа адамның ықпалында болсаңыз немесе басқа адамның ықпал етуіне тырыссаңыз, сотпен қудалауыңыз, тәртіптік жаза алуыңыз немесе жұмыстан босатылуыңыз мүмкін.

## Қағидаттар

- ❖ Сіз және отбасыңыздың мүшелері (жұбайыңыз, балаларыңыз бен сіздің асырауыңыздағы басқа адамдар) НКОК Н.В. компаниясымен іскерлік байланыста болғанда төменде корсетілгенді ешқашан ұсынбауға, бермеуге, өтініп сұрамауға немесе қабылдамауға тиіс:
  - ✓ заңсыз немесе орынсыз сыйлықтар, сауық-сайран және қонақжайлылық;
  - ✓ ақша немесе ақша баламасы;
  - ✓ жеке қызмет түрлері;
  - ✓ қарыз;
  - ✓ шаралар немесе тамақ (іскерлік серіктес болмаған кезде); немесе
  - ✓ бизнеске қатысты маңызды шешімдер қабылданған кездегі сыйлықтар, сауық шаралары және қонақжайлық белгілері (ССҚБ).
- ❖ НКОК Н.В. компаниясы өз қызметкерлерінің кез келген үшінші тараптан ССҚБ қабылдауын құптамайды.
- ❖ Егер өзіңіздің тікелей менеджеріңізге не супервайзеріңізге, ұжымдастарыңызға, отбасыңызға, достарыңызға немесе көпшілікке сізге ұсынылған ССҚБ-ны қабылдағаныңызды айтқанда өзіңізді ыңғайсыз сезінетін болсаңыз, онда оны қабылдамаңыз.
- ❖ Сіз «НКОК Н.В.» компаниясының сыйлықтар, сауық шаралары және қонақжайлылық белгілеріне қатысты тиісті нұсқаулықтары мен процедураларына сәйкес кез келген ұсынылған, қабылданған, берілген немесе қабылданбаған сыйлықтарды, сауық шараларын және қонақжайлылық белгілерін әрдайым тіркеп, оларға қажетті рұқсаттарды алуға тиіссіз:
- ❖ НКОК Н.В. компаниясының ССҚБ-ға қатысты процедуралары сіздің іскерлік серіктестеріңізге мәлім болуын қамтамасыз етіңіз.
- ❖ Өзіңіздің тікелей менеджеріңізбен корпоративтік қонақжайлылық шаралары немесе демеушілік көмек мәселесін талқылаңыз.
- ❖ НКОК Н.В. компаниясының процедураларына қайшы келетін жергілікті әдет-ғұрыпты сақтау мүмкін емес екенін түсініңіз.



### Өзіңізді тексеріңіз

- ❖ Ұсынылған ССҚБ-ны алған кезде өзіңізді міндетті сезіндіңіз бе?
- ❖ Сыйлық айрықша алғыс немесе өзара мәмілеге келуге арналған тарту ретінде берілуде ме?
- ❖ ССҚБ орынсыз немесе заңсыз емес пе?
- ❖ Сіз ұсынған барлық сыйлықтарыңызды тіркедіңіз бе?
- ❖ ССҚБ-ның ұсынылатын сәті елеулі ме (мысалы, келіссөздер барысында, міндеттемелерді алар алдында)?

## 3.4 МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫ (МҚ)

Мүдделер қайшылығы жеке мүдделер немесе НКОК Н.В. компаниясына қатысы жоқ мүдделер (соның ішінде қаржылық немесе отбасылық мүдделер) үшін әрекет ету кәсіпқойлық пен адалдыққа, сайып келгенде НКОК Н.В. компаниясының мүдделеріне де зиян келтіруі мүмкін немесе зиян тиді деп пайымдауға негіз болуы мүмкін кезде орын алады.

Егер НКОК Н.В. компаниясының мүдделері үшін жүзеге асырылатын қызметіңізді орындау кезінде сіз өзіңіз, отбасыңыздың мүшелері/ туысыңыз және (немесе) серіктестеріңіз мүдделі (басшы лауазымын атқаратын, серіктес, акционер болып табылатын немесе агенттіктер арқылы мүдделі) заңды тұлғаларға қатысты НКОК Н.В. компаниясының кез келген шешімін қабылдауға қатысып, ондай заңды тұлғалармен (тікелей немесе жанама түрде) ынтымақтастығыңыз болса сіз мүдделер қайшылығы жағдайына ұшырайсыз.

Егер сіз бір досыңыздың немесе отбасыңыздың мүшесі НКОК Н.В. компаниясына жұмысқа қабылданып жатырғаны жөнінде біле қалсаңыз, мүдделер қайшылығына тап болуыңыз мүмкін. Сіз НКОК Н.В. компаниясында жұмыс істейтін кез келген туысыңыздың жұмысқа қабылдануына, жұмысын қадағалауға, басқаруға немесе мансабын жоспарлауға қатыстырылған болсаңыз немесе қатыстырылуыңызды қажет етсеңіз, онда сіз мүдделер қайшылығы жағдайына тап боласыз.

Ықтимал немесе айқын мүдделер қайшылығының тағы бір мысалы ретінде НКОК Н.В. компаниясы мен құрамында досыңыз не туысыңыз қызмет атқаратын СКӨБК шеңберінде тағайындалған Өкілетті орган секілді кез келген үшінші тарап арасындағы шешуші іскерлік келіссөздерге қатысу да болуы мүмкін.



## СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Сіз кез келген мүдделер қайшылығынан аулақ болуға тиістісіз. Сіздің НКОК Н.В. компаниясында қызмет атқарғанда қабылдайтын шешімдеріңізге жеке және дербес қажеттіліктер ықпал етпеуі тиіс. Мүдделер қайшылығы сіздің шешім қабылдауыңызға ықпал ете алады немесе солай болып көрінуі мүмкін, сондай-ақ сіздің және НКОК Н.В. компаниясының абыройына нұқсан келтіруі мүмкін. Осы Іскерлік әдеп кодексіндегі немесе кез келген заң не нормативтік ережедегі талаптардың орындалмауы тәртіптік жауапкершілікке тартуға, соның ішінде жұмыстан босатуға себеп болуы мүмкін.

## Қағидаттар

- ❖ Өзіңіздің тікелей менеджеріңізге не супервайзеріңізге сіздің НКОК Н.В. компаниясында қызмет атқарғанда қабылдайтын шешімдеріңізге не іс-әрекеттеріңізге ықпал ете алатын немесе солай болып көріне алатын кез келген жағдай туралы хабарлау қажет.
- ❖ Егер нақты немесе ықтимал мүдделер қайшылығы бар екенін сезінсеңіз, онда барлық тиісті фактілерді өзіңіздің тікелей менеджеріңізге жазбаша түрде беру қажет.
- ❖ Барлық нақты немесе солай болып көрінген мүдделер қайшылығы бар жағдайларды Мүдделер қайшылығын тіркеу жүйесіне енгізу қажет.
- ❖ Мүдделер қайшылығы туындайтын немесе солай болып көріне алатын шешім қабылдау жағдайларынан бас тарту қажет.
- ❖ Өзіңіздің тікелей менеджеріңізден мүдделер қайшылығы мәселесі шешілгені туралы растама алып, оның берген нұсқауларын орындау қажет.
- ❖ Мүдделер қайшылығына қатысты өз мәлімдемеңізді жылма-жылғы сертификаттау жұмысы аясында жыл сайын немесе сіздің жеке басыңыздағы жағдайыңыз не НКОК Н.В. компаниясындағы лауазымыңыз өзгерген кезде алдын ала қайта растап тұру қажет.
- ❖ Мердігерлермен және жабдықтаушылармен мәміле жасасқан кезде бейтарапты, кәнігі және бәсекеге лайықты болу қажет. Егер өз біліміңізді немесе лауазымыңызды сырттан материалдық табыс көруге пайдалануды жоспарлаған болсаңыз, онда ол жөнінде НКОК Н.В. компаниясымен ақылдасу қажет.
- ❖ Өзіңіздің жеке уақытыңызда сіз қоғамдық, мемлекеттік, білім беру және басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне белсене қатыса аласыз, алайда бұл тиісті заңдарға, нормаларға және НКОК Н.В. компаниясының саясаттарына қайшы келмеуі керек.
- ❖ Сіз өзіңіздің жеке уақытыңызда компаниядан тыс басқа істе үлес ала алып, кәсіби қызмет жүргізе аласыз, алайда бұл іс жүзіндегі және, артынша ешқандай нақты не ықтимал мүдделер қайшылығы туындамайтын болса, басқа бизнесте мүдделі бола аласыз және басқа жерде кәсіби қызметпен айналыса аласыз. Егер күмәніңіз болса, онда бұл жөнінде іскерлік әдеп бөлімінің маманымен ақылдасыңыз.

## Өзіңізді тексеріңіз

- ❖ Туысыңызды немесе досыңызды жұмысқа қабылдауға, жұмысын басқаруға, тексеруге немесе бағалауға қатысасыз ба?



- ❖ Өз лауазымыңызды жеке мақсатыңызды іске асыру үшін пайдаланасыз ба?
- ❖ НКОК Н.В. компаниясына не Консорциумға тиесілі құпия ақпараттан өзіңіз пайда көрдіңіз бе?
- ❖ Сіздің арақатынастарыңыз бизнеске қатысты шешімдерге ықпал етеді ме?
- ❖ Туысыңызбен не жақын досыңызбен бизнеске қатысты келіссөздер жүргізесіз бе?
- ❖ Сіз Мүдделер қайшылығы туралы декларацияны толтырдыңыз ба?

## 3.5 ИНСАЙДЕРЛІК МӘМІЛЕ

Егер сіз жария етуге болмайтын құнды ақпаратқа ие болған кезде акциялармен немесе басқа бағалы қағаздармен сауда-саттық жасасаңыз немесе сол ақпаратты басқа бір адамға жария етіп, ал ол артынша акциялармен немесе басқа да бағалы қағаздармен сауда-саттық жасайтын болса, онда сіз инсайдерлік мәмілеге қатысты боласыз. Инсайдерлік ақпаратқа негізделіп, акциялармен немесе басқа да бағалы қағаздармен сауда-саттық жасалуы қылмыстық құқық бұзушылық болып саналады. Бұл ақпарат НКОК Н.В. компаниясы акционерлерінің, жабдықтаушыларының немесе мердігерлерінің бағалы қағаздарына қатысты болуы мүмкін.

### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Сіз құпия іскерлік ақпаратты қорғауға тиістісіз және ешбір жағдайда оны жеке мақсатыңызға, әсіресе акциялармен немесе басқа да бағалы қағаздармен сауда-саттық жасау үшін пайдаланбауға және басқа адамдарға ондай іспен айналысуға ұсыныс жасамауға тиістісіз. Сіз сыбыс таратпауға, жалған ақпаратты пайдаланып, басқа адамдарды жаңылдырмауға және бағалармен айла-амалдар жасамауға тиістісіз.

Инсайдерлік мәмілелер мен нарықтағы айла-амалдар заңсыз іс-әрекеттерге жатады және олар айыппұл салуға, жұмыстан босатуға немесе бас бостандығынан айыруға себеп болуы мүмкін.

### Қағидаттар

- ❖ Инсайдерлік мәмілеге және нарықтағы айла-амалдарға қатысты заңдарды сақтау қажет.
- ❖ Акциялармен немесе басқа да бағалы қағаздармен сауда-саттық жасаған кезде тиісті саясаттардың талаптарын сақтау қажет.
- ❖ Кез келген компанияға қатысты акцияларға немесе бағалы қағаздарға қатысты инсайдерлік ақпаратқа ие болсаңыз, онда бұндай акцияларды немесе бағалы қағаздарды сатып алуға немесе сатуға тыйым салынады.
- ❖ Нарықтық бағалармен айла-амал жасауға тыйым салынады.
- ❖ Нарықтық қауесет немесе жалған ақпарат таратуға тыйым салынады. Егер сіз бір ұжымдасыңыздың инсайдерлік мәмілеге немесе нарықтық айла-амалға қатысуда деп есептесеңіз, бұл туралы НКОК Н.В. компаниясына хабарлау қажет.





### Өзіңізді тексеріңіз

- ❖ Сіз инсайдерлік ақпаратқа иесіз бе?
- ❖ Сіздің немесе жақын туыстарыңыздың нарықтық айла-амал жасау жоспары бар ма?
- ❖ Құпия ақпаратты басқа адамдарға жария еттіңіз бе?
- ❖ Нарықтық қауесет тараттыңыз ба немесе нарыққа қатысушыларды жағылыстырдыңыз ба?

## 3.6 АҚШАНЫҢ ІЗІН ЖАСЫРУ

Ақшаның ізін жасыру жағдайы заңды түрде іске асырылатын іскерлік әрекеттер барысында қылмыстық жолмен пайда болатын ақшаның немесе активтердің ізін жасырылған кезде немесе заңды қаражат қоры қылмыстық іс-әрекеттерді демеуге, соның ішінде терроризмді қаржыландыруға қолданылған кезде орын алады. Ақшаның ізін жасырумен күресу туралы заңнамада белгіленген құқықбұзушылықтар қатарына мыналар кіреді: тергеу жұмысына нұқсан келтіру немесе кедергі туғызу және күдікті іс-әрекет туралы хабарламау.

### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Қылмыскерлер НКОК Н.В. компаниясын ақша ізін жасыруға немесе қылмысты іс-әрекеттерді қаржыландыруға пайдалануы мүмкін. Сіз біздің болашақ серіктестеріміздің кәсібі мен тәжірибесін түсіну үшін және ақша мен мүліктің пайда болған жағдайы мен мақсатын анықтау үшін қарсы тарапқа тиісті түрде кешенді тексеру жүргізуге тиістісіз. Сіз ақша ізін жасырумен байланысты күдікті іс-әрекеттер немесе оқиғалар туралы хабарлауға тиістісіз. Осы талаптың орындалмауы айыппұл салуға, жұмыстан босатуға немесе бас бостандығынан айыруға негіз болуы мүмкін.

### Қағидаттар

- ❖ Қылмыстың жасалуына күдікті адамдармен қарым-қатынас жасауға және қылмыстық қызметтен түскен табыспен байланысты болуға тыйым салынады.
- ❖ Кез келген күдікті мәмілелер немесе адамдар туралы іскерлік әдеп бөлімінің маманына хабарлап айту қажет. Бұндай күдікті мәмілелер әдеттегіден тыс коммерциялық шарттармен байланысты болуы мүмкін, мысалы еш себепсіз көп көлемде ақша төленуі, мердігерден басқа тұлғаның немесе адамдардың банк шоттарына төлемдер жасалуы, жергілікті компаниялардың оффшордағы шоттарына төлемдер жасалуы және т.б.
- ❖ Қылмыстық қызмет нәтижесінде табылған ақшалай қаражатты немесе мүлікті қабылдауға, пайдалануға және сақтауға тыйым салынады.
- ❖ Қылмыстық жолмен табылған мүліктің шығу көзін немесе сипатын жасыруға тыйым салынады.
- ❖ Қылмыстық жолмен табылған мүлікті алуға, иеленуге немесе басқаруға ықпал етуге тыйым салынады.



- ❖ Тергеу жүргізілетін тұлғаны алдын ала ескертуге тыйым салынады.
- ❖ Тиісті құжаттарды бұрмалауға, жасыруға, жоюға тыйым салынады.

### Өзіңізді тексеріңіз

- ❖ Мәміленің егжей-тегжейін тексере аласыз ба?
- ❖ Сізге қандай болмасын тұлға нарықтағы қалыпты жағдайдың шектерінен асатын коммерциялық жағдайлар ұсынған жоқ па?
- ❖ Төлеу тәсілдері әдеттен тыс емес пе және оған бөгде тұлғалар қатысып жатқан жоқ па?
- ❖ Тиісті кешенді тексерулер жүргізілді ме?

## 3.7 САЯСИ ҚЫЗМЕТ ПЕН ТӨЛЕМДЕР

Сіздің саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың заңды қызметіне тікелей қатысуға толық құқығыңыз бар, алайда сіздің саяси қызметіңіз бен төлемдеріңіз НКОК Н.В. компаниясының қызметі мен төлемдері ретінде танылуы мүмкін және ол біздің қызметіміз бен беделімізге нұқсан келтіруі ықтимал.

### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Сіз саяси науқандарды, саяси партияларды, саяси партиялардың үміткерлерін немесе олармен байланысы бар кез келген тұлғаларға қолдау көрсету үшін НКОК Н.В. компаниясының құралдарын немесе ресурстарын ұсына алмайсыз. Сіз жеке саяси қызметіңіздің НКОК Н.В. компаниясының атынан жүзеге асырылатын немесе НКОК Н.В. компаниясымен қандай болмасын түрде байланысты қызмет ретінде көрінбеуін қамтамасыз етуге тиістісіз. Саяси қызмет пен төлемдер мүдделер қайшылығын тудыруы және НКОК Н.В. компаниясының қызметі мен беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. Осы Іскерлік әдеп кодексіндегі немесе кез келген заң не нормативтік ережедегі талаптардың орындалмауы тәртіптік жауапкершілікке тартуға, соның ішінде жұмыстан шығаруға себеп бола алады.

### Қағидаттар

- ❖ НКОК Н.В. компаниясының шотын саяси төлемдер жасауға тыйым салынады.
- ❖ НКОК Н.В. компаниясының ресурстарын (соның ішінде электрондық поштаны) саяси қызмет жүргізу үшін пайдалануға тыйым салынады.
- ❖ Саяси мақсаттардағы төлемдер орнына қайырымдылық көмек көрсетуге тыйым салынады.
- ❖ Салалық ұйымдар арқылы немесе басқа амалдармен саяси партиялардың атына төлемдер жасау үшін НКОК Н.В. компаниясының ақшалай қаражатын немесе мүлкін пайдалануға тыйым салынады.



- ❖ Қажет болған жағдайда мемлекеттік лауазымға өз кандидатураңызды ұсынар алдында НКОК Н.В. компаниясының рұқсатын алған жөн.
- ❖ Саясатқа қатысуды және жемқорлықтың алдын алуды реттейтін заңдарын (Қазақстан Республикасының «Жемқорлыққа қарсы күресу туралы» №267-ІІ заң) сақтау қажет.

**ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ:** Қазақстан Республикасының Конституциясы НКОК Н.В. компаниясы секілді шетелдік заңды тұлғаларға партияларды және кәсіби одақтарды қаржыландыруға тыйым салады. Партия бойынша жолдастарыңыз НКОК Н.В. компаниясы тарапынан қолдау көрсетуді сұрайтын болса, осыны түсіндіруіңіз қажет.

### **Өзіңізді тексеріңіз**

- ❖ Сіз өз лауазымыңызды саясаткерлерді немесе саяси партияларды қолдау үшін пайдаланасыз ба?
- ❖ Саяси қызметке ықпал ету үшін қызмет бабында заңсыз шешімдер қабылдамайсыз ба?
- ❖ НКОК Н.В. компаниясының шоттарын саяси қызметті қаржыландыру үшін пайдаланып жүрген жоқсыз ба?
- ❖ Сіз НКОК Н.В. компаниясының ресурстарын саяси партияның жұмысы үшін пайдаланып жүрген жоқсыз ба?



## 4. ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА

НКОК Н.В. компаниясы еркін, адал әрі әдепті кәсіпкерлік ұғымдарын қолдайды. Сіз саудаға қатысты барлық тиісті заңдарды орындауға және өзіңіздің барлық мәмілелеріңізде НКОК Н.В. компаниясына қарасты негізгі құндылықтардың қолданылуын қамтамасыз етуге тиістісіз. Бұндай заңдар мен нормативтік ережелердің орындалмауы сіздің іскерлік жұмысыңызға ауыр түрде әсер ете алады және бізге қатысты қылмыс жасау бойынша айып тағылуына негіз болуы мүмкін. Сізге жұмыстан босату, айыппұл салу және бас бостандығынан айыру шаралары қолданылуы мүмкін.

### 4.1 МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМА (БӘСЕКЕЛЕСТІК ТУРАЛЫ ЗАҢНАМА)

Әлемдегі 100-ден астам мемлекет монополияға қарсы өз заңнамаларын (бәсекелестік туралы заңнама) жасақтаған, солардың ішінде Қазақстан Республикасы да бар. Бұндай елдердің саны артып келеді. Бұл заңнама баға келісімі, сауда кезіндегі айлакерлік, ұжымдық бойкот, бәсекелестерді шеттету мақсатында бағаларды әдейі төмендету, демпинг және нарықтағы басымды дәрежені теріс пайдалану секілді сауда-саттықты шектейтін немесе еркін және адал бәсекені шектейтін түрлі амалдардың іске асырылуына жол бермейді. Кейбір заңдық хүкімдерде бәсекелестікке әсер ете алатын қабілетті ақпарат алмасу жағдайы бәсекелестік туралы заң аясында сотта іс қаралуына себеп бола алады, өйткені бұндай ақпарат алмасудың нәтижесінде нарықта үйлестірілген іс-әрекетке негіз болуы мүмкін. Монополияға қарсы заңнама кез келген мәміле бойынша тиісті келісім жасалған кезінде емес, оның экономикалық салдары орын алған жағдайда қолданылады.

#### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Сіз сол заңдарды білуге және олардың мазмұны мен мағынасына сай әрекет жасауға тиістісіз және бәсекелеспен, жабдықтаушымен немесе мердігермен қандай болса да бір талқылау жүргізуге заңды себеп бар екендігіне көз жеткізуіңіз қажет.

Бұл орайда, біздің акционерлеріміздің Консорциум құрамында заңды түрде бірлесіп іс-әрекет жасаса да, өнеркәсіп төңірегінде олар бір-бірімен бәсекелесетінін түсіну қажет.

Бұған қоса, сіз бағалар, тапсырысшының талдау жұмысы, НКОК Н.В. компаниясының жабдықтаушы-лары немесе мердігерлері, немесе өнімділік қуаты туралы ақпаратпен аса ұқыптылықпен жұмыс істеуіңіз қажет.

#### Қағидаттар

- ❖ Бәсекелестермен заңды себепсіз бағалар немесе нарықтар бойынша келісімдер жасасуға (тіпті бейресми түрде) тыйым салынады. Кез келген іс-әрекеттің заңдылығын анықтау үшін әрдайым заңгермен кеңесу қажет.
- ❖ НКОК Н.В. компаниясының бағалары мен нарықтарына қатысты шешімдер, қолданыстағы саясаттар мен процедураларға сәйкес, НКОК Н.В. компаниясымен қабылдануы тиіс.



- ❖ Бәсекелестермен мыналарды талқылауға тыйым салынады:
  - ✓ НКОК Н.В. компаниясының қай жабдықтаушылармен немесе мердігерлермен мәміле жасағанын немесе мәміле жасайтындығын; немесе
  - ✓ НКОК Н.В. компаниясы қандай шарт негізінде мәміле жасайтындығын.
- ❖ Өнеркәсіп жиналыстарында бәсекелестікке қатысты мәселелер көтерілетін болса, ондай жиналыстардан шығып кету керек және сіздің кетіп қалғаныңыз хаттамаға енгізілгеніне немесе кез келген басқа түрде, қажет болса біржақты мәлімдеме түрінде белгіленгендігіне көз жеткізуіңіз қажет.
- ❖ Бұл жайтты әдеп және нормативтік сәйкестікті қамтамасыз ету маманына хабарлап айтыңыз. Егер сіз бәсекелестікке қарсы қандай болса да бір ықтимал іс-әрекеттер туралы білсеңіз немесе сіз іс-әрекеттердің заңдылығына күмәндансаңыз, онда ол жөнінде НКОК Н.В. компаниясына хабарлау қажет.

### Өзіңізді тексеріңіз

- ❖ Сала өкілдерімен өтетін жиналыста бәсекелестікке қатысты мәселелер (тікелей немесе жанама түрде) талқыланды ма?
- ❖ Жабдықтаушыларымыздың бәсекелестікке қарсы қандай болса да бір іс-әрекетке қатысы бар ма?
- ❖ Тікелей қарамағыңызда жұмыс істейтін адамдар немен айналысып жүргенін білесіз бе?
- ❖ Заңгерден тиісті түрде кеңес алдыңыз ба?

## 4.2 ЭКСПОРТТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ САНКЦИЯЛАР

Экспорттық бақылау және санкциялар туралы заңдар мемлекеттерге шекара арқылы өтетін сауда, тасымалдау, электрондық аудармалар немесе құпия ақпаратты жариялау, бағдарламалық жасақтамалар, тауарлар мен қызметтерді заң жүзінде бақылауға мүмкіндік береді. Экспортқа тек әдетте қолданылатын әдістер арқылы емес, талқылаулар мен көзбен шолып тексерулер арқылы электронды түрде жасалатын аудармалар да жатады.

### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Тауарларды, технологияны, бағдарламалық жасақтамаларды немесе қызметтерді мемлекеттік шекара арқылы өткізер алдында экспорттық бақылау туралы заңдар мен санкциялардың ықтимал әсері туралы мұқият ойлану қажет. Мемлекеттерге, заң тұлғаларына, жеке тұлғаларға және тауарларға қарсы бақылаулар мен санкциялар (немесе эмбарго) қойылуы мүмкін екенін ұмытпау қажет. Сіз осы бақылаулар мен санкциялардың қайсысы сіздің іскерлік жұмысыңызды жүзеге асыру әдісіңізге шектеу қоюы немесе тыйым салуы мүмкін екенін білуге тиістісіз.

Егер сіз бақылаулар мен санкцияларға қатысты тиісті заңдарды орындамасаңыз, НКОК Н.В. компаниясы қылмыстық жауапкершілікке тартылуы, айыппұл төлеуі және экспорттық жеңілдіктерден айырылуы мүмкін. Сізге қатысты жұмыстан босату, айыппұл салу немесе бас бостандығынан айыру шаралары қолданылуы мүмкін.



## 4.3 ИМПОРТТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ САНКЦИЯЛАР

Импорттық бақылау және санкциялар туралы заңдар мемлекеттерге өздерінің заңдары қолданылатын аумақтарда іске асырылатын сатып алу, тасымалдау, электрондық аудармалар немесе құпия ақпаратты жариялау, бағдарламалық жасақтамалар, тауарлар мен қызметтерді заң жүзінде бақылауға мүмкіндік береді. Импорттық бақылау НКОК Н.В. компаниясына жеке бір компанияға секілді және жеке сізге қатысты қолданылады.

### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Сіз Қазақстан Республикасына немесе басқа бір мемлекетке тауарлар мен қызмет түрлерін алып кірген кезде импорттауға қатысты талаптарды орындауға және баж, жарна, салық төлемдерінің жасалуын қамтамасыз етуге тиістісіз.

Сіз Қазақстан Республикасына ешбір мағлұмдама жасамай, қолдануға шектеу қойылған тауарларды алып кірмеуге тиістісіз. Егер сізде импортқа қатысты күмәніңіз болса, онда сіз заңгерден кеңес алуға тиістісіз. Сіз тыйым салынған тауарлардың импортын жүзеге асыра алмайсыз. Импорттық бақылау және санкциялар туралы заңдарды сақтамау өндірістік операциялардың кідіртуіне соқтыруы және іскерлік қызметке зиян келтіруі мүмкін. Бұған қоса, НКОК Н.В. компаниясына қатысты бұның айыппұл салу және жеңілдіктерден айыру шаралары секілді құқықтық салдары болуы мүмкін. Сізге қатысты жұмыстан босату, айыппұл салу немесе бас бостандығынан айыру шаралары қолданылуы мүмкін.

### Қағидаттар

- ❖ Тауарларды, технологияны, бағдарламалық жасақтамаларды немесе қызметтерді мемлекеттік шекара арқылы экспорттаудан немесе импорттаудан бұрын тиісті рұқсатыңыз болуын қамтамасыз ету қажет.
- ❖ Өз жабдықтаушыларыңызды және олардың сіз беретін тауарларды, технологияны, бағдарламалық жасақтамаларды немесе қызмет түрлерін қалай пайдаланатынын біліп алу қажет.
- ❖ Санкциялар қолданылатын мемлекетпен немесе жеке тұлғамен іскерлік жұмыс жүргізер алдында заңгерден кеңес алу қажет.
- ❖ Санкциялар қолданылатын елден сол санкцияларды белгілеген елге және керісінше импорт жүзеге асыру тыйым салынады.
- ❖ Ережелердің өзгеруін бақылап отыру қажет.
- ❖ Егер сізде экспорттық және импорттық бақылауларға немесе санкцияларға қатысты күмәніңіз болса, заңгерден кеңес алу қажет.

### Өзіңізді тексеріңіз

- ❖ Қолданылатын экспорттық және импорттық бақылауларды түсінесіз бе?
- ❖ Санкциялар қандай елдерге, заңды тұлғаларға, жеке тұлғаларға және тауарларға қатысты қолданылатынын білесіз бе?



- ❖ Тиісті баж, жарна және салық төлемдері жасалды ма?
- ❖ Сіз қажетті барлық рұқсаттарды алдыңыз ба?
- ❖ Сіз шектеу қойылған немесе тыйым салынған тауарларды импорттап немесе экспорттап жатқан жоқсыз ба?



## 5. АҚПАРАТ ПЕН АКТИВТЕРДІ ҚОРҒАУ

Зияткерлік, физикалық және қаржы түріндегі корпоративтік активтер құнды және олар тиісті түрде сақталуы, қорғалуы және басқарылуы қажет. Дербес деректер мен зияткерлік меншік (ЗМ) қорғалуы тиіс. Ақпараттық технология (АТ) мен байланыс құралдары жауапты түрде пайдаланылуы қажет. Жазбалар тиянақты болуы және тиісті түрде сақталуы қажет. НКОК Н.В. компаниясының активтеріне қатысты айла-амал, ұрлық, шамадан тыс қолдану немесе теріс қолдану жағдайларына жол берілмейді.

### 5.1 АКТИВТЕРДІ ҚОРҒАУ

Корпоративтік активтер қаржы, физикалық немесе материалдық емес болуы мүмкін және олардың құрамына ғимараттар, жабдық, қорлар, бағдарламалық жасақтамалар, ноу-хау, дерек, патенттер мен басқа да ЗМ кіреді.

#### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Сіз НКОК Н.В. компаниясының активтерін ысырап ету, жоғалту, зақымдау, теріс қолдану, ұрлау, заңсыз иелену немесе қол сұғу жағдайларынан қорғауға тиістісіз. Сіз НКОК Н.В. компаниясының активтерін дұрыс әрі жауапты түрде пайдалануға тиістісіз. Сіз басқалардың физикалық және материалдық емес активтерін қадірлеуге тиістісіз. Осы Іскерлік әдеп кодексіндегі талаптардың немесе заңдар мен нормативтік ережелердің орындалмауы тәртіптік жауапкершілікке тартуға, соның ішінде жұмыстан шығаруға себеп болуы мүмкін.

#### 5.1.1 ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК (ЗМ)

Зияткерлік меншік активтері мен құқықтары, соның ішінде НКОК Н.В. компаниясының операциялары мен технологияларына қатысты патенттер, сауда маркалары, ноу-хау және коммерциялық құпиялар НКОК Н.В. компаниясының ең құнды активтерінің қатарына жатады. Зияткерлік меншік — бизнес-мақсаттарына қол жеткізуге арналған негізгі стратегиялық құрал, және ол ұқыпты түрде пайдаланылуы тиіс.

#### Қағидаттар

- ❖ НКОК Н.В. компаниясының зияткерлік меншік құқықтары қорғалуы тиіс.
- ❖ Үшінші тараптың зияткерлік меншік құқықтарына әдейі қастандық жасалмауы тиіс.





## 5.1.2 АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ (АТ) ЖЕКЕ МАҚСАТТАРДА ПАЙДАЛАНУ

АТ және байланыс құралдарының қатарына жеке қолданысқа арналған компьютерлер, ұялы және стационарлық телефондар мен мобильді технология жабдығы кіреді. Қазіргі уақытта НКОК Н.В. компаниясының АТ және байланыс құралдарын шектелген және дәйекті түрде жеке мақсатқа пайдалануға рұқсат берілген, бірақ бұл жағдай өзгеруі мүмкін. НКОК Н.В. компаниясының АТ және байланыс құралдарын пайдалану, соның ішінде өзіңіздің жеке мақсатыңызға пайдалану жағдайлары тіркеліп, бақыланады.

### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Сіз НКОК Н.В. компаниясының АТ және байланыс құралдарын пайдаланған кезде жоғары әдептілік стандарттарын қолданып, тиісті заңдар мен нормативтік ережелерді және НКОК Н.В. компаниясының қауіпсіздік талаптарын орындауға тиістісіз. НКОК Н.В. компаниясының АТ және байланыс құралдарын жеке мақсатыңызға пайдалануыңыз номиналды шығыннан әрі болмауы немесе жұмыстың нәтижелілігіне теріс әсер етпеуі қажет. Осы құралдардың орынсыз пайдаланылуы заңсыз болып, НКОК Н.В. компаниясына нұқсан келтіруі мүмкін. НКОК Н.В. компаниясы заңсыз пайдалану жайты туралы құзырлы органдарға хабарлауы мүмкін.

### Қағидаттар

- ❖ НКОК Н.В. компаниясының АТ мен байланыс құралдарын жеке мақсаттарда пайдалану тұрақты және ұзақ болмауы тиіс.
- ❖ НКОК Н.В. компаниясының ғаламтор желісін және ғаламтор желісіндегі дерек сақтайтын орнын сауық-сайранға немесе жеке деректеріңізді сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.
- ❖ Өзіңіз жауап беретін АТ мен байланыс құралдарын басқа тұлғалар пайдаланып жатса, оларды бақылау қажет.
- ❖ Порнографиялық материалдарды немесе басқа әдепсіз не болмаса ұятқа қалдыратын материалдарды немесе заңсыз болып саналатын материалдарды немесе әріптестеріңізді қорлауы, алаңдатуы немесе ашуландыруы не болмаса ұялтуы мүмкін материалдарды жүктеуге, көшіруге, жолдауға және қарауға тыйым салынады.
- ❖ Қызмет бабындағы хаттарыңызға НКОК Н.В. компаниясының атауы мен фирмалық белгісін қосу керек және жеке хаттарыңыздан оларды жою қажет.
- ❖ НКОК Н.В. компаниясының қауіпсіздік қамтамасыз ететін құралдарын пайдалану қажет.
- ❖ Осы Іскерлік әдеп кодексінде ақпарат алмасуға қатысты белгіленген талаптарды орындау қажет.
- ❖ Бағдарламалық жасақтаманы орнатар алдында немесе компьютерлік жабдықты жалғардан бұрын рұқсат алу қажет.
- ❖ НКОК Н.В. компаниясының АТ немесе байланыс құралдарын заңсыз немесе әдепсіз



іс-әрекеттерді жасауға немесе мақсаттарға (соның қатарына ЗМ құқықтарын бұзу немесе киберқылмыс жасау кіреді), болмаса құмар ойындарға қатысуға немесе өзіңіздің жеке іскерлік жұмысыңызды жүргізу үшін пайдалануға тыйым салынады.

### Өзіңізді тексеріңіз

- ❖ Сіз НКОК Н.В. компаниясының АТ және байланыс құралдарын жеке мақсаттарда пайдалануыңызды түсіндіре немесе негіздей аласыз ба?
- ❖ Сіз рұқсат берілмеген материалдарды жүктеп, көшіріп әлде жолдап көрдіңіз бе?
- ❖ Сіз жеке хат-хабарларыңыздан НКОК Н.В. компаниясының белгісін (төмендегі колонтитулдағы) кетіресіз бе?
- ❖ Бағдарламалық жасақтаманы орнатуға рұқсат алдыңыз ба?

## 5.2 ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ (ДҚ)

Деректерді қорғау туралы заңдар жеке тұлғалар туралы ақпараттың қорғалуын көздейді. Бұндай ақпаратқа адамның аты-жөні мен байланыс деректері, жұмыс орны мен қаржысы туралы ақпарат, жасы мен азаматтығы жатады. Адамның нәсілдік қатыстылығы немесе этникалық шығу тегі, діни немесе философиялық көзқарасы, денсаулығы немесе жыныстық бағдары, қылмыстық іс-әрекеті немесе кәсіподақ мүшелігі туралы ақпарат елеулі жеке дерек болып саналады және қатаң бақылануын қажет етеді. НКОК Н.В. компаниясы жеке тұлғалардың, соның ішінде қызметкерлердің, тапсырысшылар мен жабдықтаушылардың жеке өмір құпиялылығын сақтау болып табылатын негізгі құқығын құрметтейді.

### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Сіз әр адамның жеке өмір құпиялылығын сақтау құқығын құрметтеуге және тиісті заңдар мен НКОК Н.В. компаниясының жеке деректерін жинаған не пайдаланған кезде оның ішкі құпиялылықты сақтау ережелерін сақтауға тиістісіз. Жеке тұлғалар туралы дербес ақпарат теріс пайдаланудан қорғалуы тиіс. Ондай деректерді жинау, пайдалану және тарату кезінде тиісті процедураларды сақтау қажет. Жеке деректердің құпиялылығын сақтау және қорғау талаптарының орындалмауы жұмыстан босатуға және заң бойынша жауапкершілікке тартуға себеп болуы мүмкін. Персонал қызметкердің жеке істерінің және жеке деректерді қамтитын қызметтік құжаттың қорғалуын қамтамасыз ету қажет.

### Қағидаттар

- ❖ Жеке деректерді жинау, өңдеу, сақтау, пайдалану немесе тарату кезінде НКОК Н.В. компаниясының ДҚ процедураларын орындау қажет.
- ❖ Тиісті физикалық және АТ қорғау құралдарын қолдану қажет. Егер сіз қауіпсіздік жүйесінің бұзылғаны жөнінде білсеңіз немесе солай екенін сезіктенсеңіз, НКОК Н.В. компаниясына хабарлаған жөн.



- ❖ Жеке деректер шын мәнінде қажет және оларды жинау, өңдеу, сақтау, пайдалану немесе тарату заңға қайшы келмейтін жағдайлардан басқа кездері ондай әрекеттерді жасауға тыйым салынады. Тиісті адамдарға олардың жеке деректер жинау себебі туралы хабарлау қажет.
- ❖ Тиісті адамның жеке деректерін пайдаланудан немесе таратудан бұрын одан рұқсат алу қажеттігін тексеріп алу керек.
- ❖ Жеке деректерді басқа елдегі қандай болмасын тұлғаға жолдар алдында кеңес алу қажет.
- ❖ Жеке деректер жолдаудың заңнамалық шектеулерін сақтау қажет.
- ❖ Жеке ақпаратты қажет болатын мерзімнен ұзақ сақтауға тыйым салынады. Сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін ондай ақпаратты сенімді түрде кетіру, жою немесе оның анонимдігін қамтамасыз ету қажет.

### Өзіңізді тексеріңіз

- ❖ Сіз деректерді қорғау талаптары мен заңдарын түсінесіз бе?
- ❖ Сізге бұндай ақпаратты жинауға, пайдалануға, сақтауға немесе таратуға рұқсат берілді ме?
- ❖ Тиісті адамға ондай ақпаратты жинауыңыздың себебін хабарладыңыз ба?
- ❖ Сіз бұндай ақпаратты пайдалануға немесе таратуға тиісті адамнан рұқсатын алдыңыз ба?

## 5.3 ЖАЗБАЛАРДЫ БАСҚАРУ

Жазбалар Компанияның құнды активтеріне жатады және олар тиісті түрде басқарылуы тиіс. НКОК Н.В. компаниясы өзінің жазбаларын сақтауға және жазбаларды шапшаң әрі сенімді түрде қайта қалпына келтіруге ие болуы тиіс. Жазбаларды сақтау мерзімі аяқталған кезде олар тиісті түрде жойылуы қажет.

Жазба мазмұнында іскерлік жұмыс жөнінде айғақ болатын немесе заңды, салық, нормативтік және бухгалтерлік мақсаттарға қажет болатын немесе НКОК Н.В. компаниясының іскерлік жұмысына немесе корпоративтік мұрағат үшін маңызды болатын ақпарат көрсетіледі. Жазба өзінің форматымен емес, мазмұнымен анықталады. Жазбаларға еш шектеусіз мыналар жатады: келісімшарттар; аудиттік есептер; қаржы ақпараты; өнім сипаттамасы; корпоративтік саясаттар, нұсқаулар және процедуралар; жиналыс хаттамалары және электрондық пошта арқылы берілетін рұқсаттар; хаттар мен электрондық пошта арқылы жіберілетін хат-хабарлар; рұқсаттар мен лицензиялар.



### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Сіз қандай ақпараттың жазбаға жататынын және тиісінше тиісті түрде басқарылуы және құндылығы жоғалғаннан кейін жойылуы тиіс екенін білуге тиістісіз. Жазбаларды нәтижелі түрде басқарылмауы қаржыға, бәсекелестікке, абыройға, сәйкестікке және нормативтік реттеуге қатысты салдары болуы мүмкін және заңнама, бухгалтерлік есеп, салық және нормативтік реттеу талаптарын бұза алатын елеулі іскерлік қауіп-қатерлердің туындауына себеп болуы мүмкін. Жеке тұлғалар өз жазбаларын НКОК Н.В. компаниясының жазбаларды басқару стандарттары мен нұсқауларына сәйкес басқаруға тиіс. Әр түрлі жазбалар әр түрлі тіркеу жүйелерінде сақталады.

### Қағидаттар

- ❖ Жеке тұлғалардың барлығы өз жазбаларын НКОК Н.В. компаниясының жазбаларды басқару стандарттары мен нұсқауларына сәйкес басқаруға тиіс.

### Өзіңізді тексеріңіз

- ❖ Өзіңіздің жазбаларыңызға не жататынын және оны сәйкестендіру, жіктеу және сақтау тәртібінің қандай екенін білесіз бе?
- ❖ Сіздің жазбаларыңыз рұқсатсыз қол сұғудан немесе араласудан қорғалған ба?
- ❖ Сіз нақты немесе болжамды сотта қаралатын дау, қадағалау органдарының тергеу жұмысы немесе салық тексерісіне қатысты барлық ақпаратты сақтайсыз ба?
- ❖ Сіз лауазымыңызды ауыстырған кезде тиісті жазбаларды сақтауға қатысты міндеттерді басқа адамға тапсырдыңыз ба?



## 6. АҚПАРАТПЕН АЛМАСУ

Сіздің ақпаратпен алмасуыңыз НКОК Н.В. компаниясына әсер етеді. Ақпаратпен алмасуыңыз қажеттілігіне және орындылығына көз жеткізу қажет. Барлық ережелердің сақталуын және басшылыққа алынатын барлық нұсқаулардың орындалуын қамтамасыз ету қажет. Ақпаратты қорғауға қабілетсіздік НКОК Н.В. компаниясының беделіне және оның іскерлік қызметті тиімді жүргізу мүмкіндігіне зиян келтіруі мүмкін.

Орынсыз, толымсыз және абайсыз ақпарат алмасу сізге және НКОК Н.В. компаниясының беделіне және оның іскерлік қызметті тиімді жүргізу мүмкіндігіне зиян келтіруі мүмкін.

### 6.1 ІСКЕРЛІК АҚПАРАТПЕН АЛМАСУ

Іскерлік ақпаратпен алмасу НКОК Н.В. компаниясының қызметкерлері НКОК Н.В. компаниясының шектерінде немесе үшінші тұлғалармен жүзеге асыратын бүкіл ақпаратпен алмасуды меңзейді. НКОК Н.В. компаниясының іскерлік ақпаратпен алмасуға қатысты құжаттары мен процедуралары кез келген хат-хабарларға, соның ішінде пошта мен электрондық пошта, электрондық құжаттар, шапшаң жіберілетін хаттар, ғаламтор сайттары, әлеуметтік торжелі құралдары, НКОК Н.В. компаниясының ішкі торжелісіндегі хабарландырулар, қағаз жүзіндегі құжаттар, факсимильді құжаттар, дауыс жазбалары мен дауыс поштасындағы жазбаларға қатысты қолданылады.

#### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Сіз ақпаратпен алмасу барысында кәсіпшілік танытуға тиістісіз. Осы шарттың сақтамауы НКОК Н.В. компаниясының беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. Осы талаптың орындалмауы тәртіптік жауапкершілікке тартуға немесе заңды шара қолдануға себеп болуы мүмкін.

#### Қағидаттар

- ❖ Іскерлік ақпарат алмасу барысында:
  - ✓ адамдарды жаңылыстыруға;
  - ✓ болжамдарды жазбаша баяндауға;
  - ✓ асыра көрсетуге;
  - ✓ елеулі немесе құпия жайттар бойынша жүргізілген «кездейсоқ әңгімеге» қатысуға;
  - ✓ маңызды мәселелер бойынша әзілдеуге; және
  - ✓ жеке ескертпелер жасауға тыйым салынады.
- ❖ Ақпарат жолдаған компанияны көрсету қажет.
- ❖ Тиісті стандарттар мен басшылыққа алынатын нұсқаулардың барлығын сақтау қажет.



Әсіресе:

- ✓ ақпарат алмасуды ақпаратты жіктеу жүйесіндегі деңгейлерге сай жіктеген жөн;
  - ✓ бәсекелеспен ақпарат алмасқан жағдайда монополияға қарсы заңнама талаптарының бұзылуы мүмкін екенін есте сақтаған жөн;
  - ✓ егер сіз жеке ақпаратпен жұмыс істейтін болсаңыз, НКОК Н.В. компаниясының ережелерін орындаған жөн;
  - ✓ ақпаратты басқа елдерге жолдауға немесе басқа елдерден алдыруға тыйым салынбағанына және заң жүзінде талап етілетін тиісті лицензиялардың алынғанына көз жеткізген жөн; және
- ❖ Тиісті саясаттармен және процедуралармен танысып шығу қажет.

### Өзіңізді тексеріңіз

- ❖ Бұндай ақпаратпен алмасу жұртшылыққа жария болса, өзіңізді ыңғайсыз сезінер ме едіңіз?
- ❖ Бұл ақпаратпен алмасу сот ісін қарау кезінде дәлелдеме ретінде пайдаланылатын болса, өзіңізді ыңғайсыз сезінер ме едіңіз?
- ❖ Бұл ақпаратпен алмасу заңды ма?
- ❖ Сізге осы ақпаратпен алмасу қажет пе?
- ❖ Ақпаратпен алмасудың ең қолайлы жолы қандай?

## 6.2 АҚПАРАТТЫ КӨПШІЛІККЕ ЖАРИЯЛАУ

НКОК Н.В. компаниясы атынан көпшілікке жазбаша не ауызша түрде қандай болса да бір мәлімдеме жасалуы ақпаратты көпшілікке жариялау болып табылады. Көпшілікке жарияланатын ақпарат шын, тиянақты, қисынды әрі көрінеу жалған болмауы тиіс.

Кез келген ақпарат СКӨБК және/немесе Бірлескен қызмет туралы келісім талаптарына сай жариялануы тиіс. Егер сізге түсіндірме немесе кеңес қажет болса, заң директорымен хабарласу керек.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы НКОК Н.В. компаниясына немесе оның кез келген қызметкеріне қатысты кез келген жазбаша немесе ауызша хабарлама ақпараттың жариялануы болуы мүмкін. НКОК Н.В. компаниясының беделін қорғау үшін және талаптардың орындалуын қамтамасыз ету үшін, көпшілікке жасалатын жариялымдар бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу бөлімінің маманымен бекітілуі тиіс және тек өкілетті тұлғалармен жасалуы қажет.



### СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

Егер сіз НКОК Н.В. компаниясының қызметі туралы ақпаратты жария етуге уәкілетті болмасаңыз, ондай ақпаратты жариялауға болмайды. Сіз құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуге тиістісіз. Егер ақпаратты жариялауға рұқсатыңыз болса, онда бұл ақпараттың шын, тиянақты, қисынды әрі көрінеу жалған болмауын қамтамасыз етуге тиістісіз. НКОК Н.В. компаниясының қаржы мәліметтерінде жауап беретін трансакциялар мен НКОК Н.В. компаниясының қаржы жағдайы анық көрсетілуін қамтамасыз ету қажет. НКОК Н.В. компаниясының бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу бөлімінің мамандарының рұқсатынсыз бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысуға болмайды. Жұртшылықты жаңылыстыру құқық бұзушылық деп бағалануы мүмкін. Тиянақсыз және дер кезінде хабарланбаған ақпараттың жариялануы НКОК Н.В. компаниясының беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. НКОК Н.В. компаниясына және қатысы болған жеке адамдарға қатысты тергеу, айыптау, қызметін тоқтату және айыппұл салу амалдары қолданылуы мүмкін.

### Қағидаттар

- ❖ Тиісті уәкілеттілік болмаса, жұртшылыққа ақпаратты ашуға тыйым салынады.
- ❖ Жария етуге арналған ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу бөлімінің мамандарымен немесе заң директорымен бірге тексеріп алу қажет.
- ❖ Құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету қажет.
- ❖ НКОК Н.В. компаниясы ақпаратының жоғалғаны не ұрланғаны туралы өзіңіздің тікелей менеджеріңізге не супервайзеріңізге баяндау қажет.
- ❖ Барлық тиісті заңдар мен нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын сақтау қажет.
- ❖ Қажетті рұқсаттарды алмай, бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысуға тыйым салынады.

### Өзіңізді тексеріңіз

- ❖ Сіздің ақпаратыңыз анық және дәл ме?
- ❖ Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу бөлімінің мамандарынан немесе заң директорынан рұқсат алдыңыз ба?
- ❖ СКӨБҚ/ Бірлескен қызмет туралы келісім талаптарына сәйкес ақпарат жарияланып жатыр ма?
- ❖ Сіз толық ақпарат ұсындыңыз ба?

